

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті туралы ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 45 бұйрығы.

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті осы бұйрықтан туындайтын қажетті (өзге) шараларды белгіленген мерзімде қабылдасын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

C. Нұрбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігінің
2022 жылғы "15" қыркүйектегі
№ 45 бұйрығына
қосымша

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 28.02.2025 № 86 бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құзыреті шегінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет респубикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитет егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылышы.

6. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен өз құзыретінің мәселелері бойынша Комитет Төрағасының бүйірықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 11-кіреберіс.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тaraу. Комитеттің міндеттері, құқықтары мен мақсаттары

13. Мақсаттары:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ).

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) Комитеттің құзыретіне жатқызылған салаларда заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

2) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан және азаматтардан жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік саясатын қалыптастыру және іске асыру үшін қажетті ақпарат пен материалдарды, сондай-ақ басқа да мәліметтерді сұрату және алу;

3) Комитеттің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелер мен түсініктеме беру;

4) Комитеттің құзыretіне жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

5) өз құзыretі шегінде қофамдық және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

6) Комитеттің ұйымдастыру-әдістемелік және материалдық-техникалық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

7) орындалуы міндетті құқықтық актілерді қабылдау;

8) өз құзыretі шегінде консультативтік-кеңесші және сарапшы комиссияларын құруға құқылы;

9) өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеуге қатысу;

10) Комитеттің жұмыс жоспарларын бақылауды және орындауды қамтамасыз ету;

11) Қазақстан Республикасының Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен Комитеттің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарau;

12) Комитеттің құзыretіне жатқызылған салаларда қабылданған нормативтік-құқықтық актілердің мониторингін жүзеге асыру және Министрлікке ақпарат беру;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге міндетті;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу;

2) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклі бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу;

3) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімдерін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және оны алып тастау негіздерін әзірлеу;

4) формальды емес білім беру арқылы алғынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын әзірлеу;

5) мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

6) оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;

7) білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;

8) мұдделі орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптермен өзара іс-қимыл жасай отырып, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын әзірлеу;

9) экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесін әзірлеу;

10) педагогикалық қайта даярлау қағидаларын әзірлеу;

11) кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін және оқу-әдістемелік бірлестіктерді құру және олардың қызметі туралы ережені бекіту;

12) Ұлттық біліктілік жүйесін құруға және "Білім" саласы біліктілігінің салалық шеңберін және кәсіптік стандарттарды әзірлеуге қатысу, сондай-ақ кәсіптік стандарттарды ескере отырып, модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жұмысын үйлестіру;

13) медициналық, фармацевтикалық және әскери білім берудің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарын келісу;

14) педагогикалық және инклузивті білім беруді жаңғырту, цифрлық экономика үшін кадрлар даярлау жөніндегі жұмысты үйлестіру;

15) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, оның ішінде ересектердің формальды емес білім беру арқылы алған оқу нәтижелерін тануы бойынша дуальды білім беруді дамыту бойынша әдіснамалық қолдау көрсету;

16) жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығының жұмысын үйлестіру;

17) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес бағыттар бойынша кадрлар даярлау жөніндегі жұмысты үйлестіру (педагикалық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жаратылыстану ғылымдары және көрсетілетін қызметтер, инженерлік және су салалары, сейсмология, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат, бизнес,

басқару және құқық, дінтану, өнер, гуманитарлық ғылымдар, ауылдық шаруашылық және биоресурстар және т. б.);

18) оқу процесінің әдіснамасын әзірлеу, ЖЖОКБҰ академиялық дербестігін кеңейту жөніндегі жұмысты үйлестіру;

19) Дүниежүзілік банктің педагогикалық білім беруді жаңғырту жөніндегі жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

20) түлектердің Ұлттық біліктілік тестілеудің жұмысын үйлестіру;

21) білім беру процесіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі жұмысты үйлестіру ;

22) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрліктерінің жаңындағы Инклюзивті білім беру жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмысын үйлестіру және ұйымдастыру (одан өрі - Министрлік);

23) Ғылым және жоғары білім саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестің жұмысын үйлестіру және ұйымдастыру;

24) құзыреттер орталықтары бойынша жұмысты үйлестіру;

25) "Күміс университеттер" моделін дамыту және формальды емес білім беру бойынша жұмысты үйлестіру;

26) ЖЖОКБҰ кітапханаларының қызметі бойынша жұмысты үйлестіру;

27) ЖЖОКБҰ-да кәсіпкерлік білім беруді дамыту жөніндегі жұмысты үйлестіру, стартап жобалар;

28) "Қарызыз қоғам" жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

29) кәсіптік, өнірлік стандарттарды және жаңа Кәсіптер атласын келісу жөніндегі жұмысты үйлестіру;

30) ЖЖОКБҰ-ның білім беруді интернационалдандыру, шетелдік ғалымдарды тарту, білім алушылардың, оқытушылардың, ғылыми қызметкерлердің академиялық үтқырылышы жөніндегі жұмысын үйлестіру;

31) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша бөлімнің Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдарының ұсынымдарын іске асыруын үйлестіру;

32) қазақстандық ЖЖОКБҰ бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру және қос дипломды білім беруді дамыту жөніндегі жұмысты үйлестіру;

33) ЖЖОКБҰ халықаралық рейтингтердегі, сондай-ақ шетелдік университеттермен және ұйымдармен жұмысын үйлестіру;

34) шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту және тұрақты форумдар мен халықаралық конференциялар өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

35) Стратегиялық әріптестер кеңесінің жұмысын үйлестіру;

36) Еуропа кеңесі, Болон процесі хатшылығы өткізетін іс-шараларға және Болон параметрлерін іске асыру жөніндегі басқа да іс-шараларға Қазақстанның қатысуы жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

37) шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шенберінде оқуға жіберу тәртібін әзірлеу;

38) Болон процесінің орындалуын бақылау жөніндегі жұмыс тобымен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ Қазақстанда Болон декларациясының қағидаттарын имплементациялау мәселелері бойынша жұмыс топтарының жұмысын үйлестіру;

39) Болон процесінің параметрлеріне сәйкес еуропалық жоғары білім беру аймағына кірігуді қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жүзеге асыру;

40) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі бірынғай Орталық Азия кеңістігін құру жөніндегі жобаны іске асыру;

41) шетелдік студенттерді тарту бойынша жұмыстарды үйлестіру;

42) Қазақстанда шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалдарын және шетелде қазақстандық жоғары оқу орындарының филиалдарын құру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

43) Министрлікке ведомстволық бағынысты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жобалар мен инновацияларды ілгерілету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру;

44) ведомстволық бағынысты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ректорларын тағайындау рәсімін үйлестіру;

45) Білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары қызметінің ұлгілік қағидаларын әзірлеу;

46) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына "зерттеу университеті" мәртебесін беру қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлеу;

47) ұлттық рейтингтерде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жұмысын үйлестіру;

48) ғылыми-инновациялық және әдістемелік сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ жобалар мен инновацияларды ілгерілету бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына консультациялық қолдау көрсету;

49) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары жанындағы эндаумент-қорлардың жұмыс істеуі жөніндегі жұмысты үйлестіру;

50) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында қызметтер бағыттары бойынша жобалық оғистерді құру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

51) жобаларды ілгерілетудің халықаралық тәжірибесін қолдану жөнінде ұсыныстар енгізу, сондай-ақ инновациялық сипаттағы халықаралық жобаларға қатысу;

52) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында бизнес-инкубаторларды, технопарктерді, инновациялық кластерлерді құру және олардың жұмыс істеуі жөніндегі жұмысты үйлестіру;

53) Министрлікке ведомствоның бағынысты ЖЖОКБҰ басқарма мүшелерінің қурамы бойынша ұсыныстар енгізу;

54) Министрлікке ведомствоның бағынысты ЖЖОКБҰ ректорларын сайлау (тағайындау) жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру;

55) Министрлікке ведомствоның бағынысты ЖЖОКБҰ ректорлары мен проректорларының кандидатураларын келісу;

56) Министрліктің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде стратегиялық-бағдарламалық құжаттар, операциялық жоспардың және жұмыс жоспарының негізгі бағыттарын әзірлеу, үйлестіру және іске асыру, мониторингілеу;

57) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын білім беру бағдарламаларының топтары және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары бөлінісінде бөлу және қалыптастыру;

58) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу қағидаларын әзірлеу;

59) стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін ұміткерлерді іріктеу қағидаларын әзірлеу;

60) "Жоғары оқу орнының ұздік оқытушысы" атағын беру қағидаларын әзірлеу;

61) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың ұлгілік қағидаларын әзірлеу;

62) мемлекеттік білім беру кредитін беру және орналастыру қағидаларын әзірлеу;

63) "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын әзірлеу;

64) еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлеу;

65) Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесін әзірлеу;

66) Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсү кезінде қабылдау квотасының мөлшерін әзірлеу;

67) мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік білім беру тапсырысы қызметтерінің шарттарын жасасу қағидаларын әзірлеу;

- 68) Ұлттық бірыңғай тестілеуді және кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын әзірлеу;
- 69) шетелдік студенттер мен қазақ диаспорасы үшін стипендиялық бағдарламаны іске асыру туралы ережені әзірлеу;
- 70) бастапқы білім беру капиталын есептеу, пайдалану, қайтару қағидаларын әзірлеу;
- 71) қағидаларын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлауды қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының философия докторларын (PhD) нысаналы даярлау қағидаларын әзірлеу;
- 72) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту және орналастыру бөлігінде білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 73) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсушілер үшін Ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі – ҰБТ) және кешенді тестілеуді ұйымдастыру және өткізу үйлестіру;
- 74) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау қорытындысы бойынша мониторинг жүргізу;
- 75) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне тыңдаушыларды қабылдау бойынша жұмысты ұйымдастыру, дайындық бөлімдерінің жұмысын үйлестіру;
- 76) Білім беру гранттарын беру жөніндегі республикалық конкурсстық комиссияның жұмысын ұйымдастыру;
- 77) ақылы негізде білім алушыларды мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 78) қатысуши банк пен оператор немесе оператор мен білім беру үйыми арасында мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы ынтымақтастық туралы үлгілік келісімді әзірлеу;
- 79) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын әзірлеу;
- 80) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптарды әзірлеу;
- 81) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастыру, оларды сақтау, есепке алу және беру және олармен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім

беру ұйымдарын, ведомствоның бағынысты білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету, олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағидаларды әзірлеу;

82) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын әзірлеу;

83) Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын әзірлеу;

84) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын әзірлеу;

85) Министрлікке ведомствоның бағынысты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ректорлары мен проректорлары үшін шет елдерге іссапарларға рұқсаттар беру;

86) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары ректорларының республикалық және өңірлік кеңестерінің жұмысын үйлестіру, олардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

87) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының статистикалық көрсеткіштерін жинау және өндіреу, сондай-ақ білім алушылар контингентінің, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қозғалысын сүйемелдеу;

88) 3-НК және 1-НК жоғары оқу орындарының мемлекеттік статистика көрсеткіштерін жинау, талдау мен өндіреу;

89) ЮНЕСКО халықаралық статистикасының статистикалық есептілік жинақтарын жыл сайын толтыру;

90) наградаларға ұсыну үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ОПК және қызметкерлерінің тізімдерін қалыптастыру;

91) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ректорлары мен проректорларының есептерін тыңдау кезінде анықтамалық материалдар дайындау;

92) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, оның ішінде ауылдық квота бойынша білім алған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары түлектерінің және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге қоныс аударатын ауыл жастары қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының жұмыспен өтеуін мониторингілеу;

93) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындар бөлуді мониторингілеу;

94) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында салауатты өмір салтын және жаппай студенттік спортты дамыту жөніндегі қызметін үйлестіру;

95) атаулы стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ережені өзірлеу және студенттерге, магистранттар мен докторанттарға мемлекеттік атаулы стипендияларды тағайындау жөніндегі мәселелерді қарau;

96) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары студенттерінің жыл сайынғы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуінің қорытындыларын шығару;

97) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында сыйбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимыл, сондай-ақ академиялық адалдық мәселелерін үйлестіру;

98) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары жанындағы әскери кафедралардың қызметін үйлестіру;

99) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында халықаралық және республикалық қоғамдық-маңызды іс-шаралар өткізуі ұйымдастыру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

100) студенттер арасында волонтерлікті дамытуды үйлестіру;

101) жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты үйлестіру;

102) Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

103) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы жастардың құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі қызметін үйлестіру;

104) студенттік өзін-өзі басқару органдарының қызметіне мониторинг жүргізу (жастар ісі жөніндегі комитеттер, студенттік парламенттер және т.б.);

105) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

106) Комитет жүзеге асыратын мемлекеттік қызметтерді қөрсету тәртібін айқындастырын нормативтік-құқықтық актілерді өзірлеу және осы мемлекеттік қызметтерді қөрсетуге талдау жүргізу;

107) әкімшілік рәсімдер шенберінде арыз иелері жолданымдарда көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

108) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.

3-тaraу. Комитет басшысының мәртебесі мен өкілеттігі

16. Комитет басшылығын Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Төраға жүзеге асырады.

17. Комитет Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет Төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет Төрағасының өкілеттігі:

1) Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстар береді;

2) Министрліктің Аппарат басшысына Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) Министрліктің Аппарат басшысына Комитет персоналын іссапарға жіберу, біліктілігін арттыру, көтермелебеу, оларға тәртіптік жаза қолдану және алып тастау мәделелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) Министрліктің Аппарат басшысына лауазымға тағайындау және лауазымнан босату, сондай-ақ төрағаның орынбасарын және Комитеттің басқа да қызметкерлерін көтермелебеу және тәртіптік жаупкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді;

5) Комитеттің өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша барлық қызметкерлер орындау үшін міндетті нұсқаулар береді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де үйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құресті қүшеттүгे бағытталған шараларды қабылдау жұмысына басшылық жасайды, қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар талаптарын сақтауын қамтамасыз етеді;

8) қызметкерлердің Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін, орындаушылық және еңбек тәртібін сақтауын бақылайды;

9) Қазақстан Республикасы заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тaraу. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкінің болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан

Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитет өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті және оның аумақтық органдарын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК